

Практика регулирования межэтнических отношений в Казахстане развивается на основе институционального взаимодействия Ассамблеи народа Казахстана с системой государственного управления на центральном и местном уровнях. Эффективность этой практической деятельности обеспечивается соединением идеологического концепта «единство - в многообразии» с практикой государственного управления и институтами гражданского общества.

В целом государственная политика общественного согласия и общенационального единства способствовала достижению следующих результатов:

1. Сформирована прочная правовая основа гражданской идентичности. Конституционные гарантии прав гражданина Республики Казахстан являются базовой основой проведения единой государственной политики по обеспечению общественного согласия.

2. В структуре гражданской нации этничность выступает как фактор сохранения внутренней устойчивости и ценностной матрицы, позволяющей ориентироваться в условиях глобализации и международной интеграции.

3. Толерантность стала общественной ценностью, обеспечив полиэтничность устойчивыми правилами взаимодействия. Это позволило фактору риска стать фактором стабильности и развития в условиях возрастания экстремистских и радикальных течений.

4. Категория общественного согласия определяется через межэтническую стабильность, социально-экономическое благополучие и интеграцию всех социальных слоев и групп вокруг общих идей, целей и задач. Краеугольным камнем является идея сохранения и укрепления независимости, цель – процветание Казахстана и казахстанцев.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Декларация «О государственном суверенитете Казахской ССР» (25 октября 1990 г.), Конституционный Закон Республики Казахстан «О государственной независимости Республики Казахстан» (16 декабря 1991 г.), Конституция РК 1995 года // <http://adilet.zan.kz>
 2. Геллнер Э. Нации и национализм // http://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Polit/gelln/09.php
 3. Доктрина национального единства Казахстана / Одобрена Администрацией Президента и направлена в Правительство 29 апреля 2010 года, одобрена на состоявшемся 19 апреля 2010 года заседании Совета Ассамблеи народа Казахстана // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30501158#pos=0;0
 4. Закон РК «Об Ассамблее народа Казахстана» от 20 октября 2008 года №70-IV // http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z080000070_
-

ҚОҒАМНЫҢ ЭВОЛЮЦИЯЛЫҚ ДАМУЫ: МӘНІ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ ТҮСІНІКТЕРІ

УДК 32.019.51

Аңдатпа. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында эволюциялық даму қағидасы әрбір қазақстандықтың жеке басының дербес бағдарына айналуға тиіс екендігі түсіндіріледі. Сондықтан Мемлекет басшысы айқындағандай, қоғамның эволюциялық дамуы қағида ретінде мәңгі тұмшаланудың синонимі емес.

Мақала қоғамның эволюциялық дамуының мәні мен негізгі түсініктері ізденістеріне арналған. Революция, эволюция және даму түсініктерінің мәселелері мен өзара байланыстары талқыланады. Философиялық тұжырымдамалардағы эволюциялық дамудың негізгі мәселелері қарастырылады.

Жаһандану қоғам дамуының эволюциялық тенденциясы ретінде қарастырылған. Адамзат тарихындағы объективті және заңды құбылыс ретінде айқындалды. Технология ұғымы және оның қоғамның эволюциялық дамуындағы рөлі талданады.

Тірек сөздер: революция, эволюция, даму, жаһандану, технология.

Аннотация. В программной статье Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» эволюционное развитие четко отражено как принцип идеологии одним из ориентиров и на личностном, индивидуальном уровне для каждого казахстанца. Поэтому как определил Президент страны эволюционное развитие общества как принцип не означает вечной консервации, но важно понять не только уроки истории, но и примеры современности и сигналы будущего.

Статья посвящена проблеме поиска сущности и основных понятий эволюционного развития общества. Обсуждается проблемы и взаимосвязь понятия революция, эволюция и развитие. Рассматриваются основные проблемы эволюционного развития в философских концепциях.

Глобализация рассмотрена как эволюционной тенденцией развития общества. Определяется как объективное и закономерное явления в истории человечества. Анализируется понятие технология и её роль в эволюционном развитии общества.

Ключевые слова: революция, эволюция, развитие, глобализация, технология.

Abstract. In program article «Course towards the future: modernization of Kazakhstan's identity» President of the Republic of Kazakhstan N.A. Nazarbayev are accurately evolutionary development as a principle of ideology should be one of the benchmarks on a personal, individual level for every person in Kazakhstan. Therefore as the President of the country has defined evolutionary development of society as a principle does not mean nothing will change forever. It is, however, important to understand not only the lessons of history but also examples of the present and signals of the future.

Article is devoted to a problem of search an essence and the basic concepts evolutionary development of society. Discussed problems and interrelation a concept revolution, evolution and development. Considered the main problems evolutionary development in philosophical concepts.

Globalization is considered as an evolutionary tendency development of society. Is defined as the objective and natural phenomena in the history of mankind. Analyzed the concept technology and its role in evolutionary development of society.

Keywords: revolution, evolution, development, globalization, technology.

Jel codes: B25, D74, I25, F6, N7.

М.Ө. Насимов

саяси ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,
Ғылыми-зерттеу институтының директоры, «Болашақ» университеті (Қызылорда)

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» [1] атты бағдарламалық мақаласында тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бесінші бағыты ретінде Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы туралы баяндалады: «Өткен XX ғасыр халқымыз үшін қасіретке толы, зобалаң да зұлмат ғасыр болды. Біріншіден, ұлттық дамудың ықылым заманнан жалғасып келе жатқан өзімізге ғана тән жолы біржола күйретіліп, қоғамдық құрылымның бізге жат үлгісі еріксіз таңылды. Екіншіден, ұлтымызға адам айтқысыз демографиялық соққы жасалды. Оның жарасы бір ғасырдан бері әлі жазылмай келеді. Үшіншіден, қазақтың тілі мен мәдениеті құрдымға кете жаздады. Төртіншіден, еліміздің көптеген өңірлері экологиялық апат аймақтарына айналды».

Өткен ғасырдың Қазақстанға берілген бірқатар игіліктері де аталды: «Индустрияландыруды, әлеуметтік және өндірістік инфрақұрылымдардың құрылуын, жаңа интеллигенцияның қалыптасуын осыған жатқызуға болады. Бұл кезеңде елімізде белгілі бір жаңғыру болды. Бірақ, бұл – ұлттың емес, аумақтың жаңғыруы еді... Сондықтан, әлемдегі оқиғаларды ой елегінен өткізіп, қорытынды жасау – қоғамның да, саяси партиялар мен қозғалыстардың да, білім беру жүйесінің де ауқымды дүниетанымдық, рухани жұмысының бір бөлігі».

Ғылыми-зерттеу жұмысында қоғамның эволюциялық дамуының мәні мен негізгі түсініктері қарастырылады. Революциялық және эволюциялық даму үрдістеріне талдау жүргізіледі. Жаһандану мен технологиялардың қоғамның эволюциялық дамуына ықпалы анықталды.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысының эмпирикалық деректерін мәселеге арналған теориялық-тәжірибелік еңбектер құрайды. Зерттеу жұмысы

барысындағы нәтижелерді алу үшін Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы, сөздіктердегі анықтамалар, алыс және жақын шет елдік ғалымдар зерттеулерлері мен аудармаларының теориялық әдебиеттерін пайдалану негізінде салыстырмалы талдау арқылы мүмкін болды. Зерттеу жүргізуге саяси институттар мен ғылымды саясаттанулық, философиялық тұрғыдан талдайтын әр түрлі тұжырымдамалар және жүйелік-құрылымдық, тарихи-философиялық, институционалды талдау әдістері әсер етті.

Талқылау және нәтижелер

Әлеуметтік-экономикалық жүйелердің дамуымен байланысты көптеген мәселелерді тың тақырыптар қатарына жатқызуға болмайды. Бірақ, бүгінгі күнде де бұл мәселе шешімін таппағандар қатарында екендігі анық. Қаншама ғасырлар бойы көптеген философтар, экономистер, әлеуметтанушылар, саясаттанушылар, психологтар және т.б. мамандар адами капиталдың дамуымен үйлескен табиғи ресурстарды саналы қолдану үшін ең жақсы, әділ, тиімді әлеуметтік-саяси жүйелерді табуға ұмтылыс жасады. Барлық кезеңдерде үздік әлеуметтік-экономикалық жүйелерді ойлап табу үшін идеялар, ілімдер мен көзқарастар күрестері толастамады.

Әлеуметтік-экономикалық жүйелердің эволюциясы тұжырымдамасын қарастыруда «еркін нарықтық экономика», «мемлекеттік капитализм» және «әлеуметтік бағытталған нарықтық экономика» жүйелерін көрсетуімізге болады. «Нарықтық экономика», «еркін нарықтық экономика» санаттары ғылыми абстракция ретінде ұсынылады және шынайы өмірде аталған жүйелер жоқ [2].

Зерттеу жұмысының түсініктік-категориялық аппаратын дәйектеу үшін революция, эволюция және даму ұғымдарын қарастырып көрсек. Ол

үшін бір-бірімен өзара байланысты революция, анықтамаларына талдау жасалды (1-кесте):
эволюция және даму ұғымдарының

1-кесте. Революция, эволюция және даму ұғымдары бойынша анықтамалар

Ұғымдар	Анықтамалары
Революция	1. Өндірістік күштер мен өндірістік қатынастар арасындағы қарама-қайшылықтарды зорлық-зомбылық жолдарымен шешетін және мемлекеттік билікті алдыңғы қатарлы қоғамдық тап басып алуға әкелетін қоғамдық-саяси қатынастардағы түбегейлі және жылдам өзгерістер. 2. Өмір, ғылым, өндіріс саласындағы түбегейлі төңкеріс [3].
	1. Дәурені өткен қоғамдық және саяси құрылысты жоюға және жаңа прогрестік қоғам орнатуға әкеліп жеткізетін, қоғам өміріндегі түбірлі өзгеріс, төңкеріс. 2. Прогрессивті дамытуға ықпал жасайтын әрекет [4, 5].
	Төңкеріс – ілгерілемелі де прогрессивті дамуға ықпал жасайтын сапалы өзгеріс. Қоғам өміріндегі түбірлі төңкеріс. Революция бүкіл әлеуметтік организмді қамтитын қоғамдық саяси және әлеуметтік өмірінің жекелеген салаларына жүріп жатқан сапалы өзгерістер түрінде болады [6].
	Табиғат, қоғам өміріндегі, білім мен танымдағы сапалы өзгерістер. Білім мен танымдағы өзгерістер қатарын ғылыми-техникалық, мәдени және т.б. революциялар немесе бетбұрыстық мәні бар адамзат қол жеткізген табыстарды жатқызуға болады [7].
	Әлеуметтік революция – қоғамның барлық әлеуметтік-экономикалық және саяси құрылымындағы түбегейлі сапалық төңкеріс; тарихи қалыптасқан бір қоғамдық-экономикалық формациядан басқасына өту [8].
	Революция терминімен түбірлі, сапалық, секіріс тәрізді жүзеге асырылатын өзгерістер айтылады. Эволюция және революция қатынасын сан өзгерістерінің сапа өзгерістеріне көшу заңы бейнелейді [9].
Эволюция	Сапалық өзгерістерді даярлайтын бірте-бірте үздіксіз сандық өзгерістердің дамуы, процесі [3, 888 б.].
	Кең мағынада қоғамдағы, табиғаттағы және органикалық дүниедегі болып жатқан өзгерістердің ретін, бағытын, заңдылығын білдіретін ұғым. Эволюция идеясы бойынша, белгілі бір жүйенің (қоғамдық немесе органикалық) бір қалыптан екінші бір қалыпқа келуі оның бұрынғы қалпының айтарлықтай мерзімде біртіндеп өзгеруі нәтижесінде болады деп түсіндіріледі [10].
	1. Бір нәрсенің бірте-бірте және үздіксіз бір қалыптасқан екінші қалыпқа өзгеру үдерісі, жалпы даму. 2. Бір нәрсенің жетілу, қалыптасу барысында бірте-бірте үздіксіз сандық өзгерістерге ұшырай отырып, сапалық өзгерістерді әзірлейтін даму үдерісі [11].
	Бір нәрсенің жетілу, қалыптасу барысында сандық өзгерістерге ұшырай отырып, сапалық өзгерістерді әзірлейтін даму процесі [4, 956 б.].
	Кең мағынада эволюция деп болмыс пен сананың өзгерісі сипатталады, бұл орайда ол сан жағынан да, сапа жағынан да өзгеруді қамтиды. Тиісінше эволюция терминімен азды-көпті, баяу, біртіндеп болатын сан өзгерістері айтылады [9, 496-497 бб.].
	Саяси эволюция – саяси процестер мазмұнын шынайы өзгерістерге сәйкестендіру, өзгерістер және оны жүзеге асыруды жиынтықтау, саяси дамудың бірте-бірте, үздіксіз процесі [12].
Даму	2. Көбірек жетілген бір жағдайдан екіншісіне өту процесі, ескі сапалы жағдайдан жаңа сапалы жағдайға, қарапайымнан күрделіге, төменнен жоғарыға өту. 3. Зерделік, білімпаздық, мәдениеттілік деңгейі [3, 634 б.].
	Дүниеде болып жатқан өзгерістердің сипаты мен бағытын білдіретін философиялық ұғым. Даму идеясы – бүкіл философия, жаратылыстану, қоғамдық ғылымдар тарихының ең басты идеяларының бірі [13].
	... қайталанбайтын, заңы және бағытты өзгерістерді білдіретін философиялық-ғылыми категория. Ол – жалпы өзгерісті білдіретін қозғалыс категорияларымен салыстырғанда да, жаңару, жаңа түзілістердің пайда болуы процесі деп ұғынылатын қалыптасу категориясымен салыстырғанда да анағұрлым нақты [14].
	Даму - 1. Қарқындап өсу, өркендеу. 2. Қалыптасу, жетілу [4, 187 б.].
	1. Экономикалық, әлеуметтік т.б. қоғамдық өмір салаларының немесе құбылыстарының жақсаруы, ілгерілеуі, күшеюі. 2. Қандай да бір рухани құбылыстың қалыптасуы, жетілуі, өсуі. 3. Өртүрлі әрекет, тәжірибе негізінде белгілі бір психикалық құбылыс, қасиеттердің қалыптасуы, жетілуі, өзгерісі. 4. Тірі адамдардың жетілуі, өсуі. 5. Белгілі бір уақыт пен кеңістіктегі адам қоғамының өртүрлі түрткі жайттарға байланысты өзгерісі, жетілуі [15].
	Мәңгі, қажетті қозғалыс, уақыттағы өзгеріс. Кеңістіктегі орын ауыстырудың болатын себебі, онда уақыттағы өзгерістің түсірілген түрде сақталатындығында [9, 120 б.].

Сонымен бірге, Қазақ әдеби тілі сөздігі 15 томдығының төртінші томында даму ұғымымен қатар, гендерлік даму, даму диалектикасы, даму институттары, даму кезеңдері, даму шегі, демографиялық даму, ырғақты даму, экономикалық даму үлгісі, дамушы елдер түсініктеріне анықтамалар берілген.

Анықтамаларға сараптама жасасақ, революция мен эволюция арасында өзара ұқсастықтар кездеседі. Дегенмен, революцияның негізгі ерекшелігі – түбегейлі өзгеріс, төңкеріс жасау. Бұл қағида Кеңестер елі дәуіріндегі әдебиеттерде қолдау тауып отырғандығын байқау қиын емес.

Қоршаған ортаның құбылмалылық, даму, эволюциялық мәселелері дүниенің философиялық көрінісін жасауда маңызды рөл атқарады. Философиямен бірге дамудың кейбір заңдылықтары және оның эволюциялық тұжырымдамалары туралы түсініктер де бар.

XIX ғасырдың бірінші жартысында биологияда эволюциялық жүйелер құрылымдық көзқарасқа қарағанда феноменологиялық шарттарда сипатталды (Дарвин теориясына да қатысы бар). Гегель күрделі дамушы жүйелерді абсолютті идеялардың өзіндік дамуы негізінде сипаттайтын категориялық кесте ұсынды. Жүйедегі ұйымның жаңа деңгейлерін туындату рәсімдері төмендегідей кейіпте белгіленді: әлдене басқаға себепкер болады, онымен рефлексивті қатынасқа түседі, басқаның ықпалында қайта құрылып, кейін бұл процесс жаңа деңгейде қайталанады.

Эволюциялық түсініктер мен идеялар бойынша толық және терең талдау даосизмде, Г. Гегельдің философиялық жүйесінде, Г. Спенсердің еңбектерінде жүргізілді. Даосизм эволюциялық идеяларға сүйенген іргелі философиялық жүйе болып табылады. «Дао» негізгі қозғалыс күші, дамудың қайнар-көзі ретінде саналады. Егер табиғат, адам, қоғам «Дао» иеленсе, олар ғаламдық үйлесімділік негізінде дамудың жолын табады. «Адам Жердің өмірімен жүреді, Жер Аспанның өмірімен жүреді, Аспан Даоның өмірімен жүреді, Дао өзімен өзі жүреді».

Гегельдік жүйе логикалық идеяның дамуы оның жеке бастапқы ахуалынан абсолютті және аяқталған деңгейге дейін, соңында бастапқымен сәйкес келетін ахуалға әкеледі. Идеялардың дамуы процесінде дамудың үш сатысы жүзеге асады: «логика», «табиғат», «рух». Гегель болмысты жалпылама зерттейді. Оның пікірінше, абсолют шығармашылық белсенділік, өрістетуге бейім. Диалектиканың негізгі заңдары (санның сапаға, диалектикалық қарама-қайшылықтар мен диалектикалық синтезге өтуі) дамудың бірыңғай процесінің компоненті болып табылады. Гегель бойынша, диалектика заңдары қоршаған әлемнің эволюциясы процесінде жүзеге асады.

1857 жылы Г. Спенсер бірінші рет «эволюция» терминін қолданды. Спенсер

бойынша эволюцияның жалпы заңы: «Эволюция әрдайым материя мен қозғалыстың шашырап тарауының бірігуін көздейді. Материя мен қозғалысты бірінші қайта бөлу әдетте екінші рет қайталанады». Спенсер көбінесе органикалық эволюция мәселелерін зерттеп, қоғамға жануарлар әлеміндегі даму ерекшеліктері тән деп шешті.

Классикалық емес философияда дамыған философиялық әдістер арасынан К. Поппердің «объективті білім» эволюциясы және «әмбебап эволюционизмды» атауымызға болады. Карл Поппер «үшінші әлем» туралы түсінікті енгізіп, объективті білім әлемі өзінің жеке заңдары бойынша эволюцияланатындығын дәйектеді. Жаһандық эволюционизм эволюциялық процестердің біртұтастығы көзқарасын дамытады. Бұл процесс барысында алғашында органикалық емес дүние, кейін органикалық дүние, әлеуметтік жүйелер дүниесі туындайды және дамиды. Жаһандық эволюционизм дамуының келешегі келесі идеяларды жүйелеумен байланысты:

1. Жаһандық эволюционизм объектілердің әр түрлілігі, өте күрделі түрлерінің пайда болуымен байланысты теориялық жаңғыртуларға бағытталған.

2. Талдаудың бастапқы нысаны ретінде эволюцияны белгілейтін күрделі жүйелер - «эволюционер» енгізіледі, ал жаһандық эволюция жаңа «эволюционердың» жүйелі жемісі ретінде қарастырылады.

3. «Эволюционердың» тарихи дамуы көлемді жүйелер шеңберінде өтетін, осы ортаның шектеулері мен ерекшеліктерімен белгіленген коэволюциялық процесс ретінде қарастырылады.

4. Жаһандық эволюция барысында секірмелі және бір мағыналы емес ауысулар барысындағы кезеңдер ерекше назарда болады [16].

Қоғамның эволюциялық дамуында жаһанданудың ықпалы заңды үрдіс болып табылады. Жаһандану үдерісі адамзат тарихындағы объективті және заңды құбылыс екендігі анық. Берілген үрдіс барлық адамзаттың берілген процеске қатысуымен сипатталады. Жаһандану қоғамдық өмірдің барлық салаларында жүзеге асады: экономика, саясат, мәдениет, білім және т.б. Жаһандану үрдістерінің дамуы ұзақ мерзімді қамтиды. Жаһандану қоғамдық дамудың эволюциялық тенденциясы болып табылады. Дегенмен, бұл құбылыстың жағымды және жағымсыз сипаттары да бар.

Жаһанданудың жағымды сипаттары халықаралық қатынастар, импорттық-экспорттық процестердің дамуында, мемлекеттер арасындағы мәдени байланыстарды тереңдетуде көрініс табады. Жаһанданудың жағымсыз жақтарының көрінісі мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігі жағдайына ықпал етуі барысында байқалады. Өйткені, елдің экономикасы ашық болады және мемлекеттік нарық өзге елдердің

нарқына тәуелділікке ұшырайды. Шиеленіскен әлеуметтік, экономикалық, шикізаттық және өзге де мәселелер жаһандық сипатты иеленеді.

Жаһандану заманауи әлемнің мәселелеріне назар аудара отырып, жиынтықтайды. Бұл мәселелердің табиғаты мен көріністері әр түрлі: бірі әлемдік саясат саласы қызметінің жемісі болса, келесілері ғылыми-техникалық революция, адамның шаруашылық қызметі салдарынан пайда болды. Дегенмен, барлық мәселелер бірлескен күш-жігер арқылы шешімін табуы керек.

Жаһандану жаңа жіктелу, жаңа экономикалық, әлеуметтік-саяси және мәдени мәселелер туындатады. Жаһанданудың қарама-қайшы процесінде жекелеген мемлекеттер тек артта қалып қана қоймай, әлемдік тәртіптен ығысуға дейін апаратын қатынастардың жаңа үлгісі қалыптасады. Барлық мемлекеттер мұндай саясатты қолдамайды, әсіресе, жақында тәуелсіздігін алған елдерде бұл мәселе бар; сондықтан қарсылықтың антижаһандық қозғалыстар толқыны өсуде. Әсіресе, кедей мемлекеттер жаңа мәдениет шарттары құндылықтарын қабылдаудан бас тартады. Дегенмен, жаһандану объективті сипатты иеленгендіктен, ішкі мәдени тегеурін өте күшті. Сондықтан мемлекеттер жұмыла кірісіп, өз жүйелерін ыңғайлап, осы процеске нәтижелі тәсілдерімен қосылуы керек немесе ішкі факторларға бағынады. Бұл өз кезегінде ауыртпалық пен күтпеген ахуалдарға әкелетін нәтижелер береді.

Бүгінде индустриалдық деп аталатын қоғамның орнығуы өз нәтижесін жоғалтуда және оның келешегі жоқ. Жаһандану үрдісі ақпараттық технологияларды әлеуметтік өмірдің барлық салаларына жылдам және көлемді енгізуі жалпы адамзаттық өмір қызметін ұйымдастыруға әсер етуде. Постиндустриалды, ақпараттық қоғам өкілдерінің пікірінше, жаһандану және жаңа компьютерлік және байланыс құралдарын енгізу қоғамның экономикалық, әлеуметтік дамуы көрсеткіштерін өзгертіп қана қоймай, қоғамдық құрылыстың басқа түрін қалыптастыруға әкеледі [17].

Эволюциялық даму мәселесін психологиялық тұрғыдан қарастыру өзекті болып табылады және жалпы психологиялық теориямен байланысты деп ойлаймыз. Жалпы психологиялық теорияны әзірлеу барысында орыс ғалымы А.Н. Леонтьев философия мен жаратылыстану сүйенген өлшемдерден бас тартып, психикалық құбылыстарды айқындауда ұсыныс білдірді:

- психиканың пайда болуы туралы діни-мистикалық гипотезалар: психика жеке қалыптасқан материалды емес субстанция;

- панпсихизм гипотезасы: барлық құбылыстар сипаттарының екі түрі болады – мінсіз психикалық және физикалық материалды; психикалық сипаттар түрлі дәрежеде кез келген құбылыста көрініс табады;

- биопсихизм гипотезасы: психика бұл барлық тірі организмдерді сипаттайтын ажырамас ерекшелік;

- антропсихизм гипотезасы: психиканың пайда болуы адамның және адам санасының пайда болуымен байланысты. Психика – бұл ішкі дүние және адамға тән саналы рефлексивтіліктің өзіндік талдау мен есеп беруінің қабілеті;

- нейрорпсихизм гипотезасы: психика тек нерв жүйесін иеленген организмдерге тән [18]. Сондықтан адам психикасының революциялық немесе эволюциялық дамуды таңдауы осы қағидаттарды психологиялық тұрғыдан қарастырумен байланысты деп ойлаймыз.

Қоғамның эволюциялық дамуында технологиялардың рөлі жоғары. Технология қолданылатын құралдардың көптігіне қарамастан адам денесінің өндірістік қызметті атқаратын қозғалыстардың негізгі түрлерін айқындады. Экономикалық теория технологияны өндіріс факторларын біріктіретін тәсіл ретінде анықтайды. Әсіресе, еңбек пен капитал әрекеттеріне мән беріледі. Бүгінгі таңда мұндай әрекеттер тұрақты сипатқа ие және кешенді ресурстарға айналған. Бұл ретте жүйелер теориясы заңдарына сәйкес жеке ресурстарды пайдаланудан алынған дара нәтижелер ресурстық өзара қимылдар көлемін жоғарылатады.

Заманауи техника, технологиялар өнімділігі мен технологиялық процестегі орнына байланысты бұрынғы кезеңдердің еңбек құралдарынан айырмашылықтары көп. Ертеректе технология негізгі құрал ретінде саналмады. Сонымен қатар, тарихи дамудың әрбір кезеңінде негізгі технологиялық көрсеткіштер арасындағы байланыс әр түрлі болды. Мәселен, ежелгі шаруашылықта қарапайым еңбек құралдарымен қатар технологиялар да қолданылды. Технологиялар адам мен жануарлардың күшін пайдалануға негізделді. Технологиялық тәжірибе тарихы машина қолданбай осы күштерді пайдаланудан басталды.

Өндірістік шаруашылықтың дамуымен байланысты адам табиғатпен жасанды құралдар арқылы өзара қимылдар атқарды. Кейін бұл құралдар күрделі тетіктер иеленген түрге айналып, көп жағдайда әскери істе қолданылды. Осы кезеңнен бастап адам қызметінде техникалық құралдарды пайдалану тарихы басталды деуімізге болады.

Индустриалды даму кезеңінде капиталдың технологиялық қызметін пайдалану айқын дәлел. Машиналық технологиялардың эволюциясы қол еңбегі тетіктерін бірте-бірте ығыстыруы басталды. Әсіресе, ежелгі қолөнерші жұмысында ерекше көрініс тапты. Капиталистік мануфактура – бұл индустриалды жаппай өндірудің бастамасы еді.

Орталықтанған бу машинасынан энергия қозғалысына әкелген арнайы жұмыс машиналары жүйесіне өту еңбек өнімділігін тағы да арттырды. Нәтижесінде тарихи дамудың

логикасы мынада, қолөнершілер технологиясының орнына мануфактуралар келді, ақырында өзі машиналар жүйесімен ауыстырылды. Сайып келгенде, еңбек өнімділігі екі есеге артты.

Қазіргі заманғы техносферада бұрынғы классикалық машиналарға орын қалмады. Заманауи технологиялар адам қабілеті, ақыл-парасаты, ақпаратты бірінші орынға қойып, техника екінші орынға ығысты. Осы технологиялар саласында индустриалдық қоғамның постиндустриалдық қоғамнан айырмашылықтары дәйектелді [19].

Елімізді индустрияландыруға байланысты көптеген жұмыстар жүргізіліп жатыр. Ол үшін стратегиялық бағдарламалар және оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді. Мәселен, Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған Стратегиясын іске асыру бағыттары төмендегідей:

1) *шікізаттық емес сектор кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін арттыруды ынталандыру* – ұлттық инновациялық жүйені дамыту; технологиялар трансферті; ғылымды дамыту; индустриялық инфрақұрылымды дамыту; сауда саясаты және қазақстандық экспортты қолдау.

2) *Индустриялық-инновациялық саясаттың басым бағыттарын дамыту үшін экономиканың өндіруші салаларының әлеуетін пайдалану* - мұнай-газ саласының мүмкіндіктері; тау-кен және металлургия саласының мүмкіндіктері; өндіруші салалардың әлеуетін іске асырудағы мемлекеттің белсенді рөлі.

3) *Жаһандық орнықты қазақстандық корпорациялар құру.*

4) *Ауыл шаруашылығының әлеуетін дамыту.*

5) *Қолайлы кәсіпкерлік ахуал жасау мен шағын және орта бизнесті дамыту* - кластерлік бастаманы іске асыру; бизнес-ортаны жақсарту және кәсіпкерлікті дамыту.

6) *Мемлекеттік холдингтер қызметін үйлестіру.*

7) *Материалдық және материалдық емес инфрақұрылымды дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау* – электр энергетикасы саясаты; көліктік-инфрақұрылымдық даму; телекоммуникацияны дамыту; білім беруді дамыту және кадрлар даярлау; қаржы секторын дамыту; фискалдық саясат; тариф саясаты және бәсекелестікті қорғау; техникалық реттеу мен өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесін дамыту; экологиялық саясат.

Ал, Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсаты: еңбек өнімділігін арттыруға және өңделген тауарлар экспортының көлемін ұлғайтуға бағытталған өңдеуші өнеркәсіптің бәсекеге қабілеттілігін епінді ынталандыру. Қойылған мақсатты шешу үшін мынадай міндеттерді шешу көзделген: дәстүрлі секторлардағы кәсіпорындарды жаңғырту есебінен тиімді базалық индустрияны құруды аяқтау; сала түзуші ірі жобаларды іске асыру арқылы индустриялық өсудің жаңа нүктелерін қалыптастыру; экспортқа және (немесе) өз еңбегінің өнімділігін үнемі арттыруға бағдарланған тиімділігі жоғары индустриялық кәсіпкерліктің пайда болуы үшін жағдайларды қамтамасыз ету; инновациялық белсенді бизнестің сындарлы мөлшерінің пайда болуы үшін алғышарттар жасау.

Әлеуметтік және өндірістік инфрақұрылымдардың құрылуы – қоғамның барлық салаларының дамуын қамтамасыз ететін әлеуметтік және экономикалық шарттар жиынтығы. Аталмыш инфрақұрылымдардың дамуы адам қызметінің экономикалық нәтижелеріне тікелей әсер етеді және өзара бір-бірімен байланысты. Мәселен, өндірістің нәтижелілігіне әлеуметтік инфрақұрылымның жоғарылығы ерекше ықпал жасайды. Жұмыс күшін кеңейту, білікті мамандарды жұмысқа тарту осы инфрақұрылымға байланысты.

Қорытынды

Даму тұжырымдамасының негіздерін сараптау, оның негізгі кезеңдерін айқындау барысында төмендегі мәселелер дәйектелді: біріншіден, эволюциялық даму философиялық, саяси, экономикалық, әлеуметтік ілімдердегі ойлардың дамуымен тығыз байланысты. Екіншіден, ғылым, білім, технологиялар және дүниеге ғылыми көзқарастардың дамуы эволюциялық дамуға әсерін тигізеді. Үшіншіден, қоғамдық ортадағы әлеуметтік белсенділік эволюциялық дамуға ықпал жасайды. Төртіншіден, эволюциялық даму қызметі материалды және шығармашылық бастамалар бірлігінде жүзеге асады.

Жалпы қоғамның эволюциялық дамуы қарапайымнан күрделіге, жеңілден жүйелікке негізделіп, жеке құрылымдар пайда болады. Бұл- тек саяси-экономикалық қажеттілік қана емес, үдемелі қоғам дамуының заңдылығы. Сондықтан еліміз бұл бағытта өзінің ерекше орнын табатындығына сенімдіміз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. - 2017. – 12 сәуір.

2 Овчинникова Т.И., Полянская И.Л., Ворохобин Д.А. Социальная экономика страны и региона в концепции эволюционного развития // Транспортное дело России. – 2010. - №9. – С. 63-65, 63-64. – ISSN 2072-8689.

3 Ожегов С.И. Словарь русского языка. – М.: Сов. Энциклопедия, 1968. – 900 с. - С. 664.

4 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. – А.: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б. -

688 б. – ISBN 9965-798-99-0.

5 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық / Құраст. А. Үдербаев, О. Нақысбеков, Ж. Қоңыратбаева және т.б. – Т. 12. – А.: Қазақ энциклопедиясы, 2010. – 752 б. - 463 б. – ISBN 9965-893-53-5.

6 Қазақ Совет Энциклопедиясы / Бас редактор М.Қ. Қаратаев. – А.: Қазақ Совет Энциклопедиясының Бас редакциясы, 1976. – Т. 9. – 640 б. - 448 б.

7 Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Б. Аяған. – А.: Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы, 2005. –Т. 7. - 728 б. - 447 б. - ISBN 9965-9746-5-9.

8 Краткий словарь по социологии / Под общ. ред. Д.М. Гвишиани, Н.И. Лапина. – М.: Политиздат, 1988. – 479 с. - С. 280. – ISBN 5-250-00129-7.

9 Философиялық сөздік / Редкол: Р.Н. Нұрғалиев, Ғ.Ғ. Ақмамбетов, Ж.М. Әбділдин ж.б. – А.: Қазақ энциклопедиясы, 1996. – 525 б. - 497 б. – ISBN 5-89800-097-6.

10 Қазақ Совет Энциклопедиясы / Бас редактор М.Қ. Қаратаев. – А.: Қазақ Совет Энциклопедиясының Бас редакциясы, 1978. – Т. 12. – 600 б. - 373 б.

11 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық / Құраст. А. Жаңабекова, Т. Жанұзақов, Б. Әбілқасымов және т.б. – Т. 15. – А.: Арыс, 2007. – 824 б. - 753 б. – ISBN 9965-893-59-4.

12 Казахстанская политологическая энциклопедия / Главный редактор Т.Т. Мустафин. – А.: Институт развития Казахстана, 1998. – 447 с. - С. 388. – ISBN 5-7667-2612-0.

13 Қазақ Совет Энциклопедиясы / Бас редактор М.Қ. Қаратаев. – А.: Қазақ Совет Энциклопедиясының Бас редакциясы, 1973. – Т. 3. – 624 б. - 475 б.

14 Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – А.: Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы, 2001. –Т. 3. - 720 б. - 141 б. – ISBN 5-89800-149-2.

15 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық / Құраст. Н. Әшімбаева, С. Ақаев, Қ. Рысбергенова және т.б. – Т. 4. – А.: Арыс, 2007. – 752 б. - 480 б. – ISBN 9965-17-351-6.

16 Ильин А.А. Развитие эволюционных концепций в философии // Известия Российского государственного педагогического университета имени А.И. Герцена. – 2008. - №58. – С. 138-141, 138-140. – ISSN 1992-6464.

17 Тимченко Е.В., Климонова А.Н. Глобализация как закономерная тенденция эволюционного развития общества // Социально-экономические явления и процессы. – 2015. – Т. 10. - №3. – С. 74-77, 74-75. – ISSN 1819-8813.

18 Маланов С.В. Эволюционное развитие и проблема локализации психических функций // Вестник Марийского государственного университета. – 2015. - №4 (19). – С. 62-68, 63. – ISSN 2072-6783.

19 Иванова Е.В. Технология и её роль в эволюционном развитии общества // Вестник Челябинского государственного университета. – 2009. - №9 (147). – С. 42-45, 42-43. – ISSN 1994-2796.